


21-тарау.

Сыртқы экономикалық байланыс жүйесіндегі қаржы



21.1. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу нысандары мен әдістері

Қазақстанда өндірістің дамуы ақшалай және тауарлы нысандағы капиталдың маңызды көлемін тұрақты пайдалануды талап етеді. Ол шетелдік көздерден түседі. Бұл капиталдың басқа елдерден Қазақстанға қозғалуын талап етеді. Бірақ Қазақстандық капиталдың басқа елдерге, оның ішінде Қазақстанмен шекаралас елдерге қозғалу фактілері орын алған.

Шетелдік және ұлттық капитал өндірістік процесс пен оның кеңеюінің үздіксіздігін және капиталдың тиімсіз секторлар мен салалардан оларға қараганда пайдалыларына ағыны нәтижесінде экономикалық құрылымдық қайта құруды қамтамасыз етеді, капиталдың жинақталу мөлшерін ұлғайтады, оның шоғырлануы мен оргалыктануына әсер етеді. Көптеген елдер халықаралық капиталды өздерінің бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін пайдаланады. Капиталдың халықаралық қозғалысы компаниялар мен елдердің бәсекелестік күресіндегі кару болады.

Халықаралық қаржыландыру – бұл пайданың үдайы өндірісіне қажетті капиталды беру және алу негізінде пайдаланатын экономикалық қатынас, бірнеше елдің резиденттері қатысатын мәмілелер мен олар бойынша есеп айрысу жүйесін құрайды. Қаржы ресурстарының негізгі массасы мерзімділік, қайтарымдылық және пайыз төлеу негізінде ұсынылатын, ақшалай және тауарлы нысандағы капиталды көрсететін, ссудалық капитал нысанында қызмет етеді. 1993 ж. мәліметтер бойынша әлемдегі таза капитал қозғалысының құрылымы 43,5%, банктік заемдар

15,9 %, тікелей күрделі салымдар-22,9%, акциялар 3% құрады. Сонымен қатар, XX ғасырдың соңғы жылдары экспорт 3 есеге өссе, капитал көлімінің есі 63 есеге артты.

Капиталды қайта бөлу және ауыстыру функциясы шетелдік банктер мен компаниялардан капиталды тарту үшін қаржылық қызметті реттеуге жеңілдетілген режимдер құрылған елдер мен аумактарда орындалады. Сонымен қатар капиталдардың ішкі нарығы, халықаралық операциялармен айналысадын мекемелердің белгілі елдер аумағында орналасатындығына қарамастан, сыртқы нарықтан оқшауланған. АҚШ қаржылық белсенділіктің әлемдік орталығы болып қалып отыр.

Капиталдың қазіргі заманғы халықаралық нарығы XX ғасырдың 20 жылдарының басында қалыптасты және қысқа мерзімді капиталдар нарығы немесе ақшалай нарыққа (депозитті-ссудалық айналымы 1 жылға дейінгі) және капиталдар нарығын құрайтын орта мерзімді және ұзақ мерзімді капиталдар нарығына бөлінеді. Ақша және валюта нарықтарынан басқа, ақшалай қаражаттар бағалы қағаздарды шығару жолымен тартылатын қор нарығы, қаржы дериваттары нарығы немесе қаржы тәуекелдерімен сауда-саттық құралдары маңызды орынды алатын, қайталама нарық даму алды.

Институционалды әлемдік қаржы нарығы сұраныс пен ұсынысқа тәуелділікте, елдер арасында капиталдарды шығару және қайта бөлуде делдал болып табылатын, жеке, мемлекеттік және мемлекетаралық несие мекемелері мен транс-ұлттық корпорациялар (ТҰК) жиынтығын көрсетеді. Бұл банктер, ТҰК, зейнетакы және сақтандыру қорлары, инвестициялық қорлар, үкіметтік халықаралық және аймақтық ұйымдар.

Қаржы шаруашылықты жүргізу құралы ретінде Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялануы үшін пайдаланылады. Халықаралық қауымдастық облысыныда Қазақстан қаржы механизмін халықаралық экономикалық байланыс сферасында қаржы саясатын іске асyру құралы ретінде пайдаланады. Қаржы халықаралық сферада халықаралық экономикалық интеграцияның дамуын ынталандыруыш болып табылады және халықаралық байланыс қатысушыларының экономикалық мүдделеріне әсер етеді.

Қаржы халықаралық байланысты нығайтуға көмектеседі және келесі тапсырмаларды шешүге қолданылады:

- халықаралық қауымдастықтың әртүрлі бағыттарын қаржыландыру үшін керекті қаржы ресурстарының көздерін іздеу және шоғырландыру;
- халықаралық интеграциялық процестерді реттеу;
- әртүрлі халықаралық қатынастардың дамуы мен оларға қатысушыларды ынталандыру.

Қаржының рөлі, ең алдымен әлемдік нарыкта сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті өнімді ынталандырудан көрінеді. Қаржының мәні елдің сыртқы экономикалық байланыстан алатын ұлттық кірісті қалыптастырудан көрінеді.

Қазақстан бірқатар халықаралық ұйымдар мен корларға қатысады, ол халықаралық қауымдастықтың маңызды нысаны болып табылады. Ол осы халықаралық ұйымдардың жарғылық капиталдарына, отандық ұлттық және мемлекеттік ұйымдардың ресурстары мен валюталық және басқалай қаржылық корларды пайдалана отырып, сәйкес үлес салды. Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған ақшалай қаражаттар сомасы белгілі корларды құрайды және мақсатты бағдарламаларды іске асыру үшін пайдаланылады. Мысалы Қазақстан Республикасы, жарғылық капиталына қатысу үшін, жарқын болашақта, өз қызметіне шетелдік мамандандырылған қаржы ұйымдарын тартуды жоспарлауда. Қазақстандық инвестиациялық қор және Қазақстанның Даму банкі шетелге бақылаусыз инвестицияларды жүзеге асырады.

Қазақстан тек қана халықаралық қаржы ұйымдарының ресурстарын ғана емес, сонымен қатар жеке шетелдік инвестицияларды да жүмылдырады. Бұл халықаралық байланыстардың дамуына қаржылық әсер етудің маңызды құралы. Шетелдік инвестиациялар шетелдік мемлекеттерден қаражаттарды тарту, шетелдік коммерциялық ұйымдардан заемдары, банктердің синдикативті заемдары, халықаралық құрылыш компаниюларының халық шаруашылық обьектілерінің құрылышына заемдары нысаныда түседі. Сонымен қәсіпорындардың екі типі құрылады:

- несие шартында Қазақстанның ұлттық байлық құрамына өтеді;

- біріккен қәсіпорындар немесе шетелдік заңды тұлғалар, олар шетелдік мемлекеттердің бюджеттерінен немесе жекелеген коммерциялық шетелдік фирмалардың бюджеттерінен қаржыландырылады.

Қазақстан жан басына шаққандағы тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі бойынша посткенестік кеңістіктегі көшбасшы болып қалып отыр.

Қазақстан экономикасына келетін шетелдік инвестициялар – оның дамуына және әлемдік экономикага интеграциялану үшін жағдай жасаудың қажетті элементі. Қазақстанға шетелдік инвестиацияларды тарту үшін салықтық, валюталық және кедендік жеңілдіктер белгіленеді, оларды беру мен пайдалануға қаржылық, валюталық, кедендік бақылау жүргізледі.

Бұзушылық пен теріс пайдаланушилық санкциялар мен айыппұлдарды қолдануға әкеледі, олардың көмегімен халықаралық қаржы қатынастары жүйесі реттеледі.

Сыртқы экономикалық қызмет қаржысы қатынастарының ерекше сферасы болып табылады және ерекше белгілерге ие:

- олар теңгеге және шетелдік валютаға ауысады;
- қаржы қатынасында серіктес болып шетелдік мемлекеттің шетелдік серіктесі табылады;
- қаржы қатынастары ұлттық экономика шенберінен шығады, халықаралық интеграциялық процесті жүргізуі дамыту мен терендетуге ықпал етеді. Бұл процесс Қазақстанның сыртқы көздерін қалыптастыруға әсер етеді, оның экономикасын нығайтады.

Қайтарымдылық, мерзімділік, төлемділік, қамтамасыздық шартында валюталық және тауарлық ресурстарды берумен байланысты халықаралық экономикалық қатынастар нысандарының бірі болып халықаралық несие табылады. Шетелдік несие ресурстары КР микро және макро субъектілерінің қызметін қаржыландыру көзі.

Қәсіпорындар импорттық жабдықтауларды төлеу үшін шетелдік валютаны ішкі немесе сыртқы валюта нарығында ала алады. Валюта нарығының негізгі қатысушылары болып банктер табылады. Олар сатып алушылар мен сатып алушаларды кездестіретін валюта нарығының дилерлері мен брокерлері рөлінде қатысады.

ҚР бірін бірі толықтыратын валюталық қатынастарды мемлекеттік және нарықтық реттеу жүзеге асырылады. Валюта қатынастарын мемлекеттік реттеу мемлекеттің валюталық саясаты деп аталады. Ол экономикалық есудің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жұмыссыздық пен инфляцияның өсуін төжеуге, төлем балансының тепе-тендігін ұстауға бағытталған. Заң жүзінде валюталық саясат, елде және оның шенберінен тыскарыда, валюталық құндылықтармен операцияларды жүргізу, сонымен қатар көп жақты мемлекет аралық мәмілелер тәртібін реттейтін валюта заңымен рәсімделген. Оның көмегімен халықаралық есеп айырыулар мен шетелдік валютамен операциялардың барлық түрлері регламенттеледі. Тікелей реттеу елдің заңды актілері көмегімен жүзеге асырылса, жанама реттеу – мемлекетаралық нысанда әртүрлі елдердің валюталық саясатын үйлестіру мақсатын қояды. Аймақтық топтардағы аймақтық реттеу қосымша болып табылады.

Қазақстанның валюта нарығында мемлекеттік реттеуші және бақылаушы ролі ҚР ҰБ келесілердің негізінде берілген:

ҚР «Валюталық реттеу туралы» заңы;

Валюталық операцияларды жүргізу тәртібі;

ҚР ҰБ «Экспорттық-импорттық бақылау туралы» нұсқауы;

Оларда жеке және заңды тұлғалар үшін валюталық операциялар бойынша валютаның енгізу және шыгарудағы шектеулер көрсетілген. Оның ішінде төлем мерзімін 120 күннен аса уақытқа кейінге қалдыруды қарастыратын экспорт-импорт мәмілелері бойынша аударымдар капитал қозғалысымен байланысты операцияларға жатқызылған. ҚР 100 мың АҚШ долларынан аса сомаға мүліктік түсін қарастыратын операциялар тіркеуге жатады. Оларға келесілер жатады:

- экспорт-импорт мәмілелерінің бейрезиденттерін несиелеу;
- бейрезиденттерден 120-дан аса күнге несие алу, оның ішінде қаржылық лизингті;
- ҚР заңды тұлғалардың тікелей және аймақтық инвестициялары нысанындағы инвестициялары;
- бейрезидент заңды тұлғалардың жылжымайтын мүлікке мүліктік құқыкты төлеуге аударымдары.

ҚР ҰБ валюталық бақылау органдары болып, ал валюталық бақылау агенттері болып алынған лицензиялар негізінде өкілдеп банктер мен банктік емес қаржы ұйымдары табылады. Мемлекеттің валюталық саясаты ҚР ҰБ сакталатын алтын валюта резервтерінің жинақталған деңгейіне, Қазақстанның сыртқы мемлекеттік қарыз дайгейіне, тенгенің резервтік валютага қатынасы бойынша бағам деңгейінен тәуелділікте өзгереді.

Әртүрлі елдермен сыртқы сауда операцияларында әр түрлі валюталық бағамдар пайдаланылады, олар қатысушыларға, операциялар және валюта түрлеріне тәуелділікте заңмен белгіленген, валюталық бағамдардың көптегін принципіне негізделген.

Бастыдан ауытқумен белгіленген валюта бағамдары экспортты ынталандыру немесе импортты шектеуді, капитал ағыны мен жылыстауын ынталандыру, операциялардың жекелеген түрлерін ынталандыру, бағаға бақылауды жүзеге асыру, жекелеген секторларды субсидиялауды мақсатында пайдаланылады.

Экономикалық субъектілер мен жеке тұлғалар валюта нарығына банкпен шоғырландырылатын еркін қаражаттар көзі ретінде қатысушы рөлін аткарады. Ирі халықаралық валюта нарықтары болып Лондон, Чикаго, Нью-Йорк, Франкфурт на Майне, Цюрих, Сянган қалалары табылады. Валюта нарығын халықаралық реттеуші болып халықаралық валюта қоры саналады.

Әлемдік қауымдастық халықаралық валюта жүйелерінің бірнеше типтерін сынап көрді. Екі әлемдік соғыс арасында әрекет еткен, алтын стандарт жүйесі сәтсіздікке ұшырады және екінші әлемдік соғыстан кейінгі 25 жылда әлемдік экономиканың кетерілуіне әсер еткен Бреттон-Вуд жүйесін құруға экеледі. Бұл жүйені XX ғасырдың 60-шы жылдардағы халықаралық экономикалық қатынастар дамуының тұрақсыздығы бірте-бірте тұрақсыздандырады, ал 70-ші жылдары инфляциялық қысым мен алғашқы мұнай дағдарысымен экелінген тепе-тендіктің бұзылуынан күйреді. Ямайкалық валюта жүйесі нысанындағы жаңа халықаралық экономикалық тәртіп ұлттық экономикалық саясат үшін ең икемді және аз қысымды, ол 70-ші жылдардың соңында құрылды. Ол халықаралық төлемдердің күшті тенсіздік

кезеңдеріне жақсы бейімделе отырып, қазіргі кезде халықаралық келісімдерді жетілдіру жолымен шешуге тырысатын мәселелерді қоюды кешіктірген жоқ.

Халықаралық валюта қоры – бұл қазіргі кездегі халықаралық қауымдастық қызметіне қойылған алдыңғы қаржы ұйымы. Ол ерекше. Онда әрбір ел қорға жазылу шамасы мен оған сәйкес дауыс саны тіркелген квотага ие. Оның көптеген функциялары ішінде – ХВҚ талаптарын сақтайдын және экономикалық ақша-несие, валюта саясатын қабылдайтын, қажет етуші қатысушы елдерге, оның сыртқы төлемдердегі тепе-тендігін қамтамасыз ету үшін несие беру. Бұл арнайы несие механизмдері қарыз алудың арнайы құқығы – халықаралық ақшаның жаңа нысанына өзгерді. Әрбір ел оның квотасының 25%-ына сәйкес келетін айырбасталатын валютадағы біршама соманды шартсыз және пайызызыз ала алады. Резервтік үлестен басқа, әрбір ел белгілі шарт бойынша, әрқайсысы квотаның 25%-ын шартты несие үлесі бойынша қарыз алу мүмкіншілігіне ие. Осының және басқа қаржы мезанизмдерінің көмегімен ХВҚ экономикалық саясатты, оның ішінде мүше елдердің валюталық саясатын қатаң реттейді.

Яマイка валюта жүйесінің құбылмалы валюта бағамы ұлттық экономиканы сыртқы әсерлерден қорғамайды. Көптеген елдерде сыртқы сауда ұлттық экономикада маңызды орын алады және валюта бағамының өзгерісі елдің экономикалық қызметін, оның тауарларына негізгі сауда серіктестері тараپынан болған сұраныстың тікелей әсерінен, қорғай алмайды. Сонымен бірге, валюталары халықаралық аренада кеңінен қолданылатын, ірі елдердің ақша-несие саясаттары осы валюта құнында көрінеді және ол арқылы әлемдік нарық қызметі мен басқа елдердің экономикасына әсер етеді. Соның жылдар әлем елдерінің ақша-несие саясатының қаншалықты дәрежеде пайыздық ставка облысында американдық ақша-несие саясатына тәуелді екендігін және доллар құны мен оның ұлттық экономикадан жылыстауының халықаралық конъюнктураға әсер ететіндігін көрсетті. Икемді валюта бағамдары төлем баланстарының тепе-тендігін қамтамасыз етпейді.

Өнеркәсібі дамыған алдыңғы елдер, валюта бағамын тұрақтандыруды өзінің экономикалық және валюта саясаттарын үйлестіру негізінде бастады, алғы резервтік валюталар параметрлерін өзара байланысты басқаруды қаматамасыз ету үшін валюта нарықтарында орталық банктердің біріккен және ынтымақты интервенция механизмін құрды.

ҚР валюталық реттеу жүйесі ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етуді, төлем балансын нығайту мен ішкі валюта нарығын дамытуды мақсат етіп қояды. Осылан байланысты валюталық реттеудің негізгі бағыттары болып ағымды және капитал қозғалысымен байланысты операцияларды бақылау табылады.

Қазақстан 1996 ж шілдесінде ХВҚ мәмілесіне қосылды және өзіне келесі міндеттерді алды:

- қайсібір валюталық шектеулерді енгізбеу және күшайтпеу;
- көптеген валюталық бағамдарды қолданудың қайсібір тәжірибесін енгізбеу немесе жетілдірмеу;
- ХВҚ талаптарына қайши келетін екі жақты төлем мәмілелерін жасамау;
- төлем балансымен байланысты себептер бойынша импортқа шектеулерді енгізбеу және күшайтпеу;
- ағымды халықаралық мәмілелер бойынша төлемдер мен аударымдарды орында бойынша шектеулерді алып тастау.

Көрсетілген шаралар тенгенің еркін алмастырылуын қамтамасыз ету бойынша шарттарға қол жеткізуге және шектеуден еркін, көпжақты төлем жүйесіне өтуге мүмкіндік берді. ҚР Мемлекеттік кірістер министрлігінің кеден комитетімен бірге тауарлар экспортынан түсетін валюталық түсімдерін өз еліне қайтаруға бақылауды күшайтетін және ол үшін экспорттаушылардың өкілетті банктердің шоттарына белгіленген мерзімде аудармауга жауапкершілікті, сонымен қатар импорт мақсатына қаржаттарды жұмсаудың негізділігіне бақылауды күшайтетін құжат әзірленді. Экспорт-импорттық валюталық бақылау механизмі банктер мен кеден органдарының өзара әрекетіне, тауар мен ақша қозғалысы туралы ақпаратты айырбастау мен салыстыруға, сонымен қатар валюталық бақылау нәтижесі туралы мәліметтерді қалыптастыруға құрылған.

Ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын мемлекеттік реттеу мен капиталды әкетуге бақылау мемлекеттің ішкі валюта нарығында әсер ету төтіктерін пайдалануға ұмтылуынан көрінеді. Капитал қозғалысымен байланысты транс шекаралары операцияларды реттеуге мүмкіндік беретін төтіктердің бірі – оларды лицензиялау немесе тіркеу. Валюталық бағалылықтар мен операцияларды реттеу капиталдың елден жылыстауын шектеу принципі мен шетелдік инвестициялар ағынын ынталандыруға негізделеді.

Ақша нарығының қол жеткізілген тұрақтылығы, шетелдік валютаға деген сұраныстың теңгерімділігінің тұрақты тенденциясы және инфляцияның бақыланатын деңгейі Қазақстан Республикасында валюта заңдылығының жекелеген талаптарын ырықтандыруға мүмкіндік берді. Оның ішінде валюталық түсімді міндетті түрде сату күшін жойған, бір реттік аударымның ең үлкен сомасы мен шетелдік валютаны құжатсыз алып шығу нормасы ұлғайтылды, заңды тұлғалардың шетелдік валютаны сатып алу негіздері кеңейтілді. Бұл шаралар ҚР валюта режимін одан әрі ырықтандыруға экеледі.

Қаржылық тәжірибе елдердің келесі типтегі валюталық саясатқа ие екендіктерін көрсетті:

- құрылымдық – әлемдік валюта жүйесінде құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталған ұзақ мерзімді шарадар жиынтығы;
- ағымды – валюта бағамын құнделікті реттеуге бағытталған қысқа мерзімді шаралар жиынтығы;
- дисконтты – ҚР ҰБ валюта бағамын, төлем балансын, ішкі кредиттерді, ақша массасын, бағаны, жиынтық сұранысты реттеуге бағытталған есеп ставкасын өзгеруі. ҚР ҰБ есеп ставкасын көтеру екінші деңгейлі банктерде пайыздық ставканың өсуіне, елге шетелдік капитал ағынына экеледі, ал ол деңгениң валюталық бағамын көтереді және төлем балансының сальdosына экеледі. Есеп ставкасының төмендеуі ұлттық инвестициялаудың белсенділігіне, капиталдың құйылуына және елдер арасындағы пайыздық ставкалар қақтығысына экеледі;

- ұлттық валюта бағамына ҚР Ұлттық банкімен өзінің шетелдік валюта резервтерін оның валюта нарығындағы ұсынысын ұлғайту және оның теңgedегі бағасын тусіру үшін сату жолымен әсер ету әдісі ретіндегі девиздік, ол теңге бағамының өсуін көрсетеді. Бұл саясат белгілі валюталық дәліз ішінде бағамдық ауыткуларды теңестіруге бағытталған;
- валюталық резервтер құрылымын, оларды халықаралық есеп айырысады қамтамасыз ету, валюталық интервенцияны жүргізу және валюталық жоғалтулардан қоргауды қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі валюталар құрамына енгізу жолымен реттеуге бағытталған, валюталық резервтерді әртаратандыру;
- екілік валюта нарығын пайдалану, яғни коммерциялық операциялар бойынша ресми валюта бағамын, ал қаржылық операциялар (капитал және кредиттер қозғалысы) бойынша нарықтық бағамды пайдалану. Коммерциялық мәмілелер бойынша төмендетілген бағам экспортты ынталандыру және төлем балансын түзету үшін қолданылады;
- девальвация – ұлттық валютаның шетелдік валюта қатынасындағы бағамын төмендету, ол халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әсер етеді және отандық экспортты, оған деген сұранысты төмендетуге жол бермеу мақсатында арзандату үшін жүргізіледі. 2009 жылы әлемнің көптеген елдері, оның ішінде Қазақстан (доллардың 120 тг бағамынан 150 тг бағамына), өз валюталарын девальвациялады. Бұл мемлекеттік қарызды уақытынан бұрын өтеумен байланысты доллардың шетелге жылыстауында валюталық резервтерінің сарқылуымен және теңге бағамын қолдау бойынша валюталық интервенцияның токтауымен байланысты.

Басқа елдердің ұлттық валюталарын девальвациялауына байланысты деңгениң девальвациялауга мәжбүр болды. Бұл жағдайды күтүгө болар еді, өйткені теңге Қазақстанның ақша массасында маңызды орын алатын резервтік валюта ретіндегі долларға байланыстырылған. Қазақстан экономикасының долларизация

денгейі өте жоғары. Дамушы елдерде, оның ішінде Қазақстанда валютаны девальвациялау экспортқа әсер ету мағынасында аз тиімді, өйткені бұл үшін құрделі салымдар қажет. Шетелдік жабдықтарға тәуелділігіне байланысты девальвация импортты тежемейді, керісінше инфляцияға әкеледі. Қазақстанда 2009 жылдың басында бір реттік әкімшілік девальвация жүргізілді, ресми тіркелген валютага бағамы долларға 150тг мөлшерінде белгіленді. Валюта нарығындағы мемлекеттің енжар позициясы жағдайында (өзгермелі валюта бағамы) тенгенің құнсыздануы девальвацияның негативті әсерін күшейтті.

Осылай жағдайларда, инвесторлар капиталдың тұрақсыз валютадағы активтерден тұрақтыға ауысуын, тұрақсыздығы тенгенің бағамының ауытқуымен байланысты капиталды жергілікті қаржы жүйесін шеңберінен шығаруды әрекеттің дұрыс желісі деп есептеледі. Бұндай жағдайларда халықтың ұлттық валютадағы жинақтарының өсуін күту киын.

Тенгенің бағамының серпіні қатынасындағы белгісіздік – ҚР экономикасындағы негативті процестердің ашилуының маңызды себебі. Экономикадағы бағамдық тұрақсыздық факторы өндірістік және инвестициялық белсенділікке тәжеғіш әсер етеді, пайыздық ставка деңгейін жоғары көтереді.

ҚР 2007 жылғы мемлекеттік экономикалық саясатының мәні елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтауға ұмтылуында. Айырбас бағамының жаңа деңгейінде банк жүйесінің жұмыс қабілеттілігін сақтау бойынша шаралар қабылданды. Көптеген банктерде несие қаржысы сапасының маңызды төмендеуінде, міндеттемелер көлемі активтер көлемінен асып кетті.

Банктердің өтімділігі ҚР ҰБ тұрақтандыруышы несиелерді беру нысанында колданды. Әлемдік экономикада жақында жүргізілген девальвация толқыны ұлттық валюта бағамының көтеріңкілігін жою девальвациялық күтімнің тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайтындығын көрсетті, бұны девальвациялаудан кейінгі жоғарғы пайыздық ставка қуәландырады.

Әлемдік қаржылық дағдарыстың қазіргі сатысында (2009 ж.) Қазастанда халықтың сатып алушылық қабілетінің төмендеуі сату көлемінің жаң-жақты төмендеуіне, тауарлар бағасы мен кәсіпкерлер

пайдасының төмендеуіне әкелді, яғни жоғарғы әлеуметтік шығындар ақша массасын одан ері қысу мен терең дефляциялық дагдарыс, несиелер бойынша пайыздық ставкалардың өсуі орын алды және оның салдарынан капиталды шыгару қүшнейеді. Бұл жағдайда экономикаға жеке инвестилярдың өсуін күту киын. Ұлттық валюта деген сенімсіздік түннедататын, экономиканы долларизациялау деңгейінің өсуін ынталандыратын, валюта нарығында долларға деген сұраныстың өсуіне әкелетін ақша массасының құрылымын нашарлататын, валюта бағамының болашағына қатысты анықсыздық сақталды. Экономикада іскерлік операциялар көлемін төмендету тенденциясын сипаттайтын салықтық түсімдер орын алады. Салықтық түсімдердің төмендеуінен пайда болған бюджет тапшылығының өсуі мемлекетті мемлекеттік бағалы қағаздарды сату көмегімен және олар бойынша пайыздарды төлеудің үлғауымен жаңа заемдар алуға итермелейді.

Девальвацияның тиімділігі оны экономикалық өсу саясатының элементі ретінде қарастырылғандаға орын алады, яғни өндіріс көлемінің үлгауы мен инвестиациялық процестің тіріліуі, түбінде тенгенің айырбас құның тіркелген деңгейде ұстауға, шын мәнінде тұрақты валютаны және баға тұрақтылығын және ұлттық валютага деген сенімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Валюта бағамын төмендетуден болған әсер девальвациядан кейін инфляцияның жоғарғы қарқының белгілеу нәтижесінде басылуы мүмкін және экономиканы кезеңдік девальвация мен инфляциялық серпілісінің нық шеңберіне әкелу мүмкіншілігі пайда болады.

Басқа валуталар қатысында ұлттық валюта бағасының азайы импорттың үлкен үлесі мен маңызды сыртқы қарызға ие болған экономикаға қолайсыз әсер етті. Импорттың құны доллар бағамының өсуіне пропорционалды үлғаяды, ол ішкі нарықта импорт тауарлар бағасының өсуіне әкеледі. Ишкі қарызға қызмет ету шығындары үлғаяды.

Девальвацияның позитивті кезеңдері деп келесілерді атауга болады:

- экспорттаушылар кірістерінің көтерілуі;
- ішкі қарызға қызмет көрсету құнын азайту;
- ұлттық өндірісті импортты қысқарту есебінен дамыту мүмкіншілігі.

Девальвацияның негативті факторлары деп келесілерді есептеуге болады:

- ішкі нарықта ұлттық валютада бағаның өсуі;
- импорттық шикізатты пайдалану өзінің өзіндік құнын өсіруге экеледі;
- бюджет кірістерді толығымен ала алмайды;
- ішкі қарызды арзандату әсері тізбекті төлемге қабілетсіздікпен тәмендейді;
- мемлекеттік бағалы қағаздарға сұраныстың азауы;
- отандық банк секторының еркін ақшалай қаражаттардың жылыстауымен және олардың штедлік валютага алмастырылуымен байланысты дағдарысы;
- импорттық тауарларға да, отандық тауарларға да бағаның көтерілуі және инфляция;
- инвесторлардың елдің тұрақсыз қаржы жүйесіне сепімінің тәмендеуі;
- мемлекеттік бюджетті қаржыландырудың сырткы да, ішкі де көздерін жабу;
- ақша массасының өсу қарқының ұлғайту кажеттілігі;
- өндірістік сфераның маңызды өсуі жоқ;
- мемлекеттік несие рейтингінің тәмендеуі, халықтың өмір сүру деңгейінің тәмендеуі;
- бюджетті секвестрлеуге байланысты әлеуметтік трансфертердің қыскаруы;
- банктердің дағдарысы, олардың бірігуі;
- салымдардың құнсыздануы.

Дамушы елдер өздерінің валюта резервтерін сақтау максатында валюталық саясаттың, басқа елдермен төлем және клирингтік мәмілелерді жасау ретіндеңі әдісін, сонымен қатар сауда балансының тапшылығын жабу үшін аймақтық валюталар мен біріккен валюта қорларын құру жолымен валюталық қауымдастық пен интеграцияны дамыту пайдалануға тырысады. Валюталық интеграция процесі елдердің қарым қатынасын үзуінен, дамушы елдердің бақылауының сакталуымен, валюталық және қаржы-несие жүйесінің әлсіз дамыумен, штедлік банктерден, валюталық және несие тәуелділігімен пайда болған кедергілермен қақтығысады.

- ревальвация – штедлік валюта қатысында ұлттық валюта бағамын көтеру, бәсекелестік шамасы келмейтін салаларда жұмыссыздықтың өсуіне әсер етеді;
- валюталық шектеу – резиденттер мен бейрезиденттердің валютамен және басқалай валюталық құндылықтармен операцияларын заңды немесе экімшілік тыйым салу, лимиттеу және регламенттеу. Олар мемлекеттің операцияларды қадағалау, тіркеу, статистикалық есепке алу бойынша шараларын қамтитын валюталық бақылаудың құрамдас болігі болып табылады. Олар валюта заңымен бекітіледі және келесі мақсаттарды қояды:
 - төлем балансын тенестіру;
 - валюта бағамын ұстау;
 - валюталық құндылықтарды мемлекет иелігіне шоғырландыру;
 - халықаралық төлемдер мен капитал аударымдарын реттеу, пайданы, бағалы қағаздарды, алтынды отанына қайтару;
 - штедлік валютаны еркін сатып алу-сатуға тыйым салу.

Валюталық шектеу принциптеріне келесілер жатады:

- валюталық операцияларды ҚР ҰБ орталықтандырылады;
- ҚР ҰБ валюталық операцияларын лицензиялау;
- валюта шоттарын толық немесе бөлшекті шектеу;
- валюта айналымын шектеу.

Валюталық шектеу – сауда серіктестіктерін кемсіту және протекционизм саясатының құрамдас болігі, көбінесе саяси уәж бойынша. Сонымен қатар валюта шоттарын токтау, жекелеген мемлекеттерге қысым жасау мақсатында несие және экономикалық шектеуді үйімдастыру мүмкін.

Валюталық шектеудің екі сферасын ерекшелейді: төлем балансының ағымды операциялары және қаржылық (капиталдар мен несиелердің қозғалысы, пайдалар мен салықтарды аудару және т.б.):

Ағымды операциялар бойынша келесілер пайдаланылады:

1. Штедлік экспорттаушылардың осы елде сатудан түсken түсімдерін шектеу, олардың осы қаражаттарды иелену мүмкіншілігін шектеу.

2. Экспорттаушылардың валюталық түсімдерін валюталық лицензиясы бар өкілдегі банктармен міндепті тұрде сату.
3. Импорттаушыларға шетелдік валютаны сатуды шектеу.
4. Шетелдік валютаны импорттаушылардың форвардты сатып алуарына шектеу.
5. Бірқатар тауарлар импортын шетелдік валютада төлеуге тыым салу.
6. Экспорт және импорт бойынша төлемдер мерзімін шектеу.
7. Ұлттық тауарларды ұлттық валютада сатуға тыыйым салу.
8. Операциялардың әртүрлі түрлеріне көптеген валюта бағамдарын қолдану.

Енжар төлем балансында (импорт экспорттан асық, теріс сальдо) келесі шектеулер қолданылады.

Шетелдік валютаны шығаруды лимиттеу, несиені, алтынды, бағалы қағаздарды беру.

Несие және қаржы нарығы қызметіне бақылау, валютаны шығару бойынша барлық операциялар ҚР ҚМ рұхсатымен жүргізіледі, шетелдік несиелерді тарту.

3. Заемдарды шетелдік валютада беруге ҚР ҰБ қатысуын шектеу.

4. Резиденттердің иелігіндегі шетелдік бағалы қағаздарды мәжбүрлеп алу және оларды валютага сату.

5. Сыртқы қарызды етеуді толық немесе бөлшекті тоқтату немесе оны ұлттық валютада шетелге аудару құқығынсыз төлеуге рұхсат.

6. Алтынмен операцияларға тыыйым салу.

Белсенді төлем балансында (экспорт импорттан көп, он сальдо):

ҚР ҰБ банктардің шетелдік міндептемелерінің басым болуы;

Бейрезиденттердің инвестициялауға және ұлттық бағалы қағаздарды шетелге сатуға тыыйым салу.

ҚР ҰБ шетелдік валютадағы заемдарды конверциялау.

Шетелдіктердің мерзімді салымдары бойынша пайыздарды ұлттық валютада сатуға тыыйым салу.

Бейрезиденттердің ұлттық валютадағы салымдары бойынша теріс пайыздық ставканы енгізу.

Шетелдік валютаны елге әкелуге тыыйым салу.

Шетелдіктерге ұлттық валютаны форвардтық сатуға шектеу. Мәжбүрлі депозиттерді пайдалану.

Әлемдік қаржылық дағдарыс, әрбір елдің ұлттық қаржылық және валюталық жүйелерін және өзара әрекеттегі ұлттық қаржы жүйелерінің жиынтығы ретінде, әлемдік қаржы жүйесін реттеу деңгейінің жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Қаржылық дағдарыстың алдыңғы бағыттарының бірі ретінде үлттық валюталық дағдарыс ұлттық валютаның немесе бірнеше мемлекеттердің валюталарының құнының құрт, терең құлауымен көрінетін және ұлттық немесе халықаралық валюта жүйесінде және ұлттық немесе халықаралық нарықта ұдайы өндіріс жүйесінде құрылымдық өзгерістерге әкелетін құрделі әлеуметтік экономикалық құбылыс болып табылады.

Қамтамасыз етілмеген ақша массасының ісінуі көптеген дериваттарды құру, акциялардың бағамдық құнының ұлғауы есебінен жүзеге асады, онда оның алтын –валюта резервтерімен қамтамасыз етілудің ажырайды. Қазіргі жағдайда мемлекеттік облигациялар нарығында сыртқы экономикалық қызметке бағытталған компаниялар акцияларына тарапатын дәстүрлі дағдарысқа қарағанда қарқынды инвестициялардың ең өтімді және қызығушылықты объектісі ретінде мемлекеттік облигациялар нарығында құлау жүзеге асырылады.

Әлемдік қаржы ресурстарының ең үлкен үлесі ұлттық өкімет пен орталық банктар тарапынан бақылау жасалынбайтын американдық және европалық континентке айналады, ол әлем елдерінің қаржы нарықтарының тұрақсыздығына әкеледі.

Бағалы қағаздарда сипат алған жалған капитал накты активтер мөлшерінен одан әрі алшактайды. Бұл тенденция 90 жылдардың басынан бастап ақпараттық технологиялар тұрпатында дамиды. Жоғарғы технологиялық компанияларды капитализациялаудың есу қарқыны, олардың накты активтерінің өсу қарқынан бірнеше есе асады, ал 2009 жылдың басына қаржы құралдарының жиынтық құны жалпы әлемдік өнімнен 12 есе асты.

Бұл қаржы дағдарысы үшін шекараның жоқ екендігін көрсетеді. Көптеген дериваттарды құру, акциялардың бағамдық құнын ұлғайту арқылы қамтамасыз етілмеген ақша массасының

бақыланбайтын ісінуі жүзеге асады, оның есу қарқыны орталық банктердің алтын резервтерінен қамтамасыз етуден ауытқиды.

Қазіргі заманғы қаржылық дағдарысты айрықшалайтын ерекшелік болып сыртқы несиелерді ұлттық валютаның тұрақтылығын қолдау және төлем балансының тапшылығын жабу үшін кеңінен пайдалану табылады.

Қазіргі заманғы қаржылық дағдарыс саясатқа ешқандай қатысты емес, ол жаханданудың салдары. Әлемдік қаржы нарығына, халықаралық кредиторларга сенімді жоғалтудан пайда болған қысым ұлттық қаржы және банк жүйесінің әлсіздігін аныктайды. Соңғы жылдарды дагдарысты құбылыстарды ашуудың жүйесін құратын факторлары болып капиталды дамыған елдерден дамушы елдерге, олардың қажеттілігінен көп көлемде шығару табылады. Елдерге капиталдың көп келуі несиелеу серпілісіне, қаржы жүйесінің ісінуіне, берілген несиелерді пайдалануға, бақылауды әлсіретуге, капиталдың өндірістік емес пайдалану сферасына бағытталуына экелді.

Осылың барлығы қаржылық тәуекелдің күрт өсуіне экелді, экономикалық субъектілер мен халықтың төлем қабілетсіздігінің тізбегі реакциясына экеледі. Үстеме пайдага бағыттала отырып, шетелдік капиталдың жергілікті нарықтарды тұрақсыздандыратын және оларды бұзатын, ұлттық валютаны құнсыздандырып, сонынан арзандаған активтерді одан әрі бағаны көтеруге алып сатарлық үшін сатып алу жағдайлары кездеседі.

ХВҚ еркін айырбасталымды ұлттық валютаны енгізуі жалғастыруды қарастырады, бұл валюта бағамының төмендетілуіне экеледі және шетелдік инвесторлардың отандық нарыққа енүін женилдетеді. Сонымен қатар ХВҚ ақша массасын қаржылық тұрақтылық үшін, оны дефляциялық қысу жолымен реттеудің монетаристік рецептін ұсынады. Шетелдік капитал ағыны жағдайында бұндай саясат ҚР ҰБақшалай қаражаттар мен өзшоттаратына депозиттерді тартуды байланыстыру үшін шетелдік валютаны сатып алу мен облигацияларды шығаруды білдіреді. Нәтижесінде пайыздық ставка тұрақты өседі және жаңа қарыздар үлкен құнмен тартылады. Бірақ пайыздық ставкалардың өсуі кәсіпорындар мен несиенің тұрақтылық денгейінен одан әрі алшактайтын. Ақырында

жинақталған құрылымдық үйлесімсіздік валюталық дағдарыс пен ұлттық валютаны девальвациялаумен шешіледі.

Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынатын қаржылық көмек механизмі олардан көп жылдық тәуелділікті туғызыды.

Валюталық дағдарыстың тағы бір себебі – алдыңғы қатарлы батыс елдерінің әлемдік шаруашылықтағы көшбасшылық рөлін ұстауға ұмтылуында. Шетелдік инвестициялардың жаппай жылыстауы мен ұлттық активтердің құнсыздануы дамушы елдердің шетелдік несиеден тәуелділігін көтереді, оларды қарыз тәуелділігіне тығады. Кредиторлар ссуданы мерзімінен бұрын қайтаруды құтпеген уақытта талап етеді, халықаралық алып сатарлық капитал үшін бас тартады. Сыртқы қарыздарды ынталандыру саясаты арқылы елдің экономикалық потенциалы – борышкерлер үшін жағдай жасалады.

Әлемдік қауымдастық жаңа апатты қаржы дағдарыстарын болдырмау үшін өзінің қаржылық жүйесін қайта құру сатысында, оларды тұрақтандырудың жаңа құралдарын әзірлеуде.

Әлемдік валюта-несие қатынастарын дамыту бұрын тек қана жекелеген елдердің ұлттық жүйелерін қамтыған кезеңдік қаржы дағдарыстарымен ілеседі, ал XX гасырдан бастап халықаралық сипатқа ие болды.

Қаржы дағдарыстарының мүмкіншіліктері капитал қозғалысы мен нарық қызметтері тиپіне салыған. Әлі құрылмаған болашақ құн мәмілелері қаржыландырылады. Бірқатар елдердегі халықаралық валюта-несие жүйелеріндегі үйлеспеушіліктерді және олардың қызметтерін уақытша тоқтауға экелетін, несие-қаржы жүйесінің бұзылуы халықаралық қаржы дағдарысы болып табылады. Қаржылық дағдарыс бір мезетте әлемдік қаржы жүйесінің әртүрлі сфераларын қамтиды: ақша капиталы, несие мекемелері мен мемлекеттік қаржы. Елден, ең алдымен, шетелдік капитал, сонынан ұлттық капитал көтеді, шетелдік валютага деген сұраныс өссе бастайды. Осы өсітін сұраныс елдің валюта резервтерінің ең үлкен деңгейін де қанағаттандыруға қабілетті емес.

Қаржылық дағдарыстар әлемдік экономикалық дамудың тұрақсыздық, капиталдарды жұмылдыру және орналастыру сферасындағы дағдарысты, елдердегі ваюта резервтерін

басқарудағы сәйкесіздік сипаты болып табылады. Олар қаржылық дағдарыстың пайда болуының маңызды себебі болып қысқа мерзімді нысандағы шетелдік ссудалық капиталды жаппай тарту болғандығын көрсетті.

Қаржылық дағдарыс материалдық өндіріс секторы мен капиталдың жинақталуына теріс әсер етеді. Жұмыс күшінің жұмыспен қамтылуы, жалпы ішкі өнімнің төмендеуі, төлем балансының тапшылығы, сыртқы сауданың есу қарқынының төмендеуі, бәсекелестіктің өршігі маңызды мәселе болып отыр.

Қаржылық дағдарыстар әлемдік қаржы жүйесін қайта құрудың, ұлken ашықтықты енгізуін, есептілікті жақсартудың, ұлттық экономикалық саясатты нығайтуың қажеттілігін көрсетті.

ҚР ҰБ валюта заңдылығын жетілдіру облысында тізбекті саясатты жүргізеді. Бұл процесс ағымды экономикалық саясатты бөлшекті бағалауга негізделеді.

Көптеген валюталық шектеулер алып тасталынды, валюталық операцияларды лицензиялау жойылды.

Валюта-экспорттық бақылауды жүзеге асыру банк қызметтерінің күрделі бағыттарының біріне жатады. Кәсіпорындарға қауымдастықтың жаңа нысандары ұсынылды. 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР женілдетілген жағына қарай экспорт-импорт бақылауының жаңа тәртібі енгізілді.



Валюта ресурстарын қалыптастыру мен пайдалану

Сыртқы экономикалық байланыстарды қаржылық реттеу Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық қатынастарының дамуында маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар орталықтандырылған валюта қорларын қалыптастыру мен пайдалану жүргізіледі.

Сыртқы экономикалық қатынастарды ырықтандыруға байланысты валюталық қаражаттардың негізгі бөлігі коммерциялық кәсіпорындардың валюталық шоттарына түседі. Бірақ ұлттық валюта болып табылатын теңгені нығайту және мемлекеттің

Қазақстандағы валюталық қатынастарға қатысуы үшін параллель түрде орталықтандырылған валюта қорлары құрылады, оның бір бөлігін міндettі түрде мемлекеттің белгілеген ресми бағамы бойынша мемлекетке береді. Ең алдымен мемлекеттің алтын валюта резервтері ҚР ҰБ қалыптастырылады. Ресми валюта бағамы ұлттық валюта нарығында нақты валюта түрі бойынша сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасады.

Валюталық резерв екі бөлікке бөлінеді:

- бір бөлігі ішкі валюта нарығында теңгенің тұрақты бағамын ұстау, Қазақстан экономикасына шетелдік капиталға қолайлы климат құру үшін тұрақтандырушы қорды құруға кетеді;
- келесі бөлігі ҚР ҚМ сыртқы мемлекеттік қарызды төлеу, азық-түлікті, дәрі-дәрмектер және импорттық сатып алу, мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттар үшін сатылады.

Сыртқы экономикалық қызметті жүргізетін барлық экономикалық субъектілер валюта заңдылығына ҚР «Валюталық реттеу туралы» Заны, «Валюталық операцияларды жүргізу тәртібі туралы» Заңға бағынышты акті негізінде жауапты болады. Қаржылық бақылауды өкілетті банктер, валюталық және кедендік бақылау органдары жүзеге асырады. Егер де өкілетті банктер валюта түсімін мемлекетке сатудың белгіленген тәртібін бұзатын болса, олар ҚР ҰБ тарапынан валюталық операцияларды жүргізуге лицензияны қайтарып алумен жазалануы мүмкін. Валюталық түсімді сату нормативтерін үкімет белгілейді және елдегі жинақталған алтын валюта резервтері мен экономикалық жағдайдан тәуелділікке кезеңдік қайта қарастырылады.

Валюталық ресурстар орталықтандырылған және бөлшекті болуы мүмкін.

Мемлекеттің орталықтандырылған ресурстары экономиканың мемлекеттік секторының өнімдерін, тауарлы мен қызметтерін сатудан түсін түсімдер, шетелдік валютадағы кедендік баждар мен кедендік төлемдер, шетелдік қатысуышылардан түсін салықтар, валюта заңдылығын бұзғаны үшін айыппұлдар мен есімдер, шетелдік банктерге орналастырылған депозиттерден түсімдер, шетелдік мемлекеттердің несиелері мен заемдарынан, шетелдік валютадағы гранттар түсімі мен шетелдік комектер

есебінен қалыптасады. Орталықтандырылған валюта ресурстары валюталық интервенцияларға, сыртқы мемлекеттік қарыздарды өтеуге, халықаралық ұйымдарға мүшелікке төлемге, импорт бойынша сатып алуға бағытталады.

ҚР үшін қаржы ресурстарының маңызды көзі болып Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялануы үшін материалдық көмек ретінде пайдаланылатын, ХВҚ несиелері болып табылады.

Кез келген экономикалық субъект заңды тұлға бола отырып, экспорттық мүмкіндіктерді иеленіп, нарықтық экономика жағдайында әлемдік нарыққа дербес шығу, шетелдік серіктестермен тікелей байланыс орнату құқығын алды. Сыртқы экономикалық қызмет валюталық өзін-өзі өтеу негізінде жүзеге асырылады. Оның қызмет нәтижесі кәсіпорын қызметінің жалпы нәтижесіне құрамдас бөлік болып енеді.

Кәсіпорынның валюта ресурстарының негізгі көзі болып өнімді экспортқа сатудан түсken түсім табылады. Импорттық шикізатты төлеу үшін банктердің валюталық несиелері пайдаланылуы мүмкін.

Кәсіпорын валюта қорын сыртқы экономикалық операцияларды өкілетті банктегі ағымды валюта шотына түсетін, валюталық түсім белігі есебінен қаржыландыру үшін құрады. Осы қордағы ақшалай қаражаттардың көлемі сыртқы экономикалық операциялар нәтижесінә тәуелді болады. Осы қордың мақсатты тағайындалуы – жаңа техника мен технологияны кәсіпорындардың тауарлар экспортты көлемін көтеру мақсатында ендіруге жағдай жасауға экономикалық қызығушылығын көтеру.

Егер де кәсіпорын сыртқы экономикалық операцияларды жүргізбесе, онда валюта қорын ішкі нарықта сатып алған шетелдік валюта есебінен қалыптастырады. Валюталық қор қаражаттары импорттық операцияларды жүзеге асыру үшін, нарықтық баға бойынша ұлттық валютаны сатып алуға пайдаланылуы мүмкін.

Валюталық қор қаражаттарының басым бағыты – экспорт өнімдерінің реконструкциясы, техникалық қайта жарақтануы, жақалануы, оның сапасын, бәсекеге қабілеттілігін көтеру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Валюталық қор жаңа,

жоғарғы тиімді технологияларды, лицензияларды, машиналар мен қондырығыларды, импорттық шикізатты сатып алуға, импорттық қондырығыны жөндеуге төлемге, шетелге іс-сапаралар шығынын, шетелде мамандарды даярлауга және т.б. жұмсалуы мүмкін.

Валюталық қордың ақшалай қаражаттары валюталық несиелерді өтеуге, олар бойынша пайыз төлеуге; сонымен қатар әлеуметтік сфераның дамуы үшін импорттық дәрі-дәрмектерді, медициналық техниканы, тауарларды сатып алуға пайдаланылуы мүмкін. Валюталық қордан сыртқы экономикалық ұйымдардың қызыметтері үшін комиссиялық сыйақылар, шетелдік серіктестерге келісім шарттарын бұзған жағдайда айыппұлдар мен тұраксыздық төлемі толенеді. Пайдаланымаған валюталық қаражаттар одан әрі пайдалану үшін жинақталады.

Кәсіпорындар өздерінің валюталық корларын біріктіріп және шетелдік заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үшін сала алады немесе өздерінің филиалдарын, еншілес кәсіпорындарын, өкілеттіліктерін аша алады.

Кәсіпорындар экспорт пен импорттың қолайлы шартын қоса келісім жасай отырып сыртқы экономикалық объектілерді құра алады.

Барлық сыртқы экономикалық қызмет келісім міндеттемелері негізінде жүзеге асырылады. Ал бұл екі тараптың да тұраксыздық төлемі мен айыппұлдарды төлейді және өздерінің валюталық қорларының шығындарын өтейді дегенді білдіреді.

Кәсіпорындардың сыртқы экономикалық байланысты дамытуға деген экономикалық қызығушылығы өсіп отыр, олардың сауда, өндірістік, инвестициялық, ғылыми-техникалық, кеңес берушілік және т.б. шараларға қатысуын анықтайды. Кәсіпорындарға шетелдерде еншілес кәсіпорындарды, филиалдарды, өкілдіктерді ашу, басқа елдердің қор және тауар биржаларында бағалы қағаздарды сатып алу және сату құқығы берілген. Ел аумағында шетелдік серіктестікің қатысуымен ашылған біріккен кәсіпорындардың капиталына қатысу мүмкін. Сонымен қатар мұнда тараптардың ресурстары оларды бірігіп пайдалану үшін біріктіріледі.

Шетелде кәсіпорын құру келесі жолдармен мүмкін:

- жарғылық капиталға 100% салу;

- үлесті бастамада;
- әрекеттегі фирмалардың активтерін сатып алу жолымен.

Отандық кәсіпорындардың менишікті қаражаттары, саланың орталықтандырылған валюталық қорлары, сонымен қатар ішкі немесе сыртқы нарықтан алынған қарыз қаражаттары есебінен шетелдік инвестициялар қарсыландырылуы мүмкін.

Мұдделі кәсіпорындардың валюталық қорларының қаражаттарынан, валюталық операцияларды жүргізуге лицензиялары бар банктерің, шетелдік банктердің, шетелдік қатысуымен банктердің, шетелдік отандық банктердің несиелерінен қарыз қаражаттары жинақталады.

Сыртқы экономикалық қызмет шетелдік кәсіпорындар қызметінен пайда, дивиденд, бағалы қағаздармен операциялардан кірістер алу үшін жүргізіледі. Бұл кірістер Қазақстанға аударылады және шетелге өндірісті кеңейту үшін аударылады. Аударылатын кірістер отандық кәсіпорындардың шаруашылық қызметтерінің нәтижелеріне қосылады.

Инвестиция жасау үшін елді таңдауда отандық кәсіпорындар еki қайтара салық салуды болдырмау үшін оның салық заңдылығын зерттеулері керек және мүмкін салықтық жеңілдіктерді анықтау, шетелден пайданы аудару тәртібін, жалақы деңгейі мен шикізат ресурстарына бағаны, Қазақстанмен инвестиция жасалынатын ел арасындағы халықаралық келісімнің болуын қарастыру керек.

Сыртқы экономикалық қызметті дамытудың алғы бағыты болып шетелдік инвестицияны қосымша материалдық және қаржылық ресурстарды алу максатында тарту табылады. Шетелдік инвесторлар регінде келесілер қатыса алады:

- шетелдік заңды тұлғалар;
- шетелдік жеке тұлғалар;
- азаматтығы жоқ тұлғалар;
- шетелді тұратын Қазақстан азаматтары;
- шетелдік мемлекеттер;
- халықаралық ұйымдар.

Валюталық түсімдер, мүліктік және интеллектуалды құндылықтар түріндегі шетелдік инвестицияларды түсү әдістері келесідей:

- біріккен кәсіпорындардағы үлесті қатысу;
- толғымен шетелдік инвесторлардың немесе оның филиалдарының иелігіндегі кәсіпорындарды құру;
- отандық кәсіпорындарды, олардың мүлкін, пайларын, бағалы қағаздарын сатып алу;
- заемдарды, несиелерді, мүліктік құқықтарды сатып алу.

Шетелдік инвестициялар объектісі болып халық шаруашылығы салаларында құрылғын, қайта жөндеуден өткен, жетілдірілген кәсіпорындар, Қазақстанның мемлекеттік органдарының бағалы қағаздары, мүліктік құқықтар, интеллектуалдық құқықтар, жаңа техника, жоғарғы тиімді технология, мақсатты ақшалай қорлар қатысуы мүмкін.

Қазақстан заңнамасы елдік экономикасына шетелдік капиталды кеңінен тарту үшін шетелдік инвесторларға капиталдың сакталуы мен шығындарын өтеуді, жеңілдетілген салық салуды және пайданы шетелге еркін аударуға, оларды резервтік валютаға аудару мүмкіндігіне, кедендей женілдіктерге, төуекелден қорғаудың сактандыру жүйесіне кепілдік бере отырып, жеңілдетілген қаржылық жағдайды қамтамасыз ету керек.

Қазақстан заңнамасында шетелдік инвестицияларды мемлекет меншігіне айналдыруға болмайтыны және тәркіленбейтіні немесе инвестициялау валютасында толық өтегенге дейін пайызды төлеумен сәйкес тәркілеу туралы көрсетілуі керек. Өтемақы көзі ретінде мемлекеттік алтын-валюта резерверін пайдалануға болады. Шетелдік инвестор мемлекеттің заңға қайшы әрекеттері салдарынан шығынға ұшыраса, онда алынбаған пайдаға өтемақы талап етуге құқылы.

Кез келген мемлекеттің аумағындағы біріккен кәсіпорындар – бұл ерекше ұйымдастыру-құқықтық нысан. Бұл кәсіпорындардың жарғылық капиталы әртүрлі мемлекеттердің қатысушыларының үлестерінен тұрады.

Қатысушылардың жарғылық капиталына салымдар мөлшері құрылтайшылық құжат пен жарғыға сәйкес шетелдік валютада көрсетілуі мүмкін және кәсіпорының қалыпты жұмыс істеу қажеттілігі арқылы анықталады.

Салымдар үлесі ақшалай, мұліктік және интеллектуалды нысанды жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен қатар қаржыландыру жекелеген қатысушылардың мүмкіншілігіне қарай кезеңді болуы мүмкін.

Әрекеттегі біріккен кәсіпорындар қызметі негізгі капиталдың амортизациясы (жеделдетілген), әр елдің банктерінің несиелері, қатысушылардың қосымша жарналары, резервтік және сактандыру қорлары, сактандыру компанияларының төлемдері есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

Жалпы пайда резервтік қорды құру үшін пайдаланылады. Банктың несиелері бойынша пайыздар төленеді, өткен кезең шығындары жабылады, салық салу бойынша жеңілдіктер алып тасталынады. Қалған пайда кәсіпорын орналасқан елдің салық заңдылығына сәйкес салық салуға ұшырайды. Басқарма салық салудан кейін қалған таза пайданы бөлінетін және бөлінбейтін пайдага бөледі. Бөлінбейтін пайда өндірістің көңілкүрделіктерінде қалады. Пайданы бөлу қатысушылар арасындағы мәміле және олармен бекітілген бөлу нормативтеріне негізінделген, жарғылық мен құрылтайшылық құжаттарда көрсетілген принциптерге сәйкес жүзеге асырылады.

Өткен жылдың шығындарын жабу резервтік кордан жүргізіледі. Егер де бұл қаржаттар жеткіліксіз болса, онда пайдадан құрылған басқа қорлардың қаржаттары немесе қатысушылардың қосымша мақсатты жарналары, сонымен қатар басқа есеп кезеңінің болашақ пайдалары колданылады. Өткен жылдың шығындарын өтеуге бағытталған пайдага салық салынбайды, яғни жинақталған пайда немесе шығындардың қалыптастыру мақсатында өткен жылдың шығындарын ағымды қызметтің иетижесіне ауыстыру жүзеге асырылады.

Егер де біріккен кәсіпорындар таратылса немесе шетелдік қатысушы оның құрамынан шықса, ол тарату немесе шығу уақытына кредиторлар алдындағы міндеттемелерді өтегеннен кейін, қалдық құны бойынша өз салымын ақшалай немесе мұлікті нысанды кері қайтарып ала алады. Қаржаттардың қалған бөлігі қатысушылар арасында салынған үлестері үйлесімділігінде бөлінеді.

Шетелдік қатысушылар салықтарды төлегеннен кейін пайда, дивиденд, инвестициялар, пайыздар, өтемақы сомалары, инвестициялау объектілерін сатудан түскен сома түріндегі шетелдік қаржаттарды шетелге аударады.

Қолайлы инвестициялық климатқа байланысты, КР на тіркелген біріккен кәсіпорында саны өсуде, бірақ олардың 30% ғана қалыпты жұмыс істеуде. Олардың жұмыстарының кемшіліктеріне келесілер жатады:

- кеден органдары мен банктерде экспорт-импорт шарттарын тіркеудің күрделі және ұзак іс-әрекеті;
- кеден заңдылығының ашық еместігі мен тұрақсыздығы;
- салықтар мен кедендік баждардың жоғарғы деңгейі;
- әлі кеденнен өткепен тауарға алдын-ала төлемді талап ету;
- банк несиелерінің жоғарғы құны, теңге девальвациясы, несиені алушады шығындардың жоғарылығы;
- құқықтық нормаларды мемлекеттік қызметкерлердің әділетсіз талқылауы;
- мемлекеттік органдардың тексеру сандарының көп болуы;
- орта буынды білікті мамандардың жеткіліксіздігі, біріккен кәсіпорындардың бюджеттік мекеме болып табылатын тұтынушыларының төмөн төлем пәні;
- заңсыз әкелінген, сапасыз өнім тараапынан бәсекелестік;
- нарыққа қатысушылардың монополистік немесе монопсониялық билігі;
- мемлекеттік реттеудің экономикалық әдістерінің емес, әкімшілік әдістерінің басым болуы;
- жергілікті сапалы шикізат пен қондырығылардың болмау мәселесі, суға, электр энергиясына, байланысқа, көгілдір отын бағасының өсуі мен оларды берудегі өндірістік процесте сипатталатын, кезеңдік өшірүлөрмен байланысты төменгі сапалы қызметтер;
- маркетингтік ақпараттарды алушының қындығы;
- жергілікті билік органдарының қайырымдылық жасауға талабы және т.б.

Шетелдік капиталды тарту, кәсіпкерлік тәжірибесін жинақтау, елдің экспорттың потенциалын дамыту үшін құрылған, еркін экономикалық аймақтарда жеңілдетілген жағдайлар белгіленеді:

шетелдік капиталды қәсіпорындарды тіркеудің жеңілдетілген тәртібі, пайдаға салық ставкаларын төмендегу, жеңілдікті кеден режимін (экспорт пен импортқа кедендік баждарды азайту) белгілеу, орналасақан елде және шетелде де аймақтық бюджеттер мен басқалай қаржы көздерінің қаражаттарын тарту.


Қазақстан үшін инвестициялар – бұл тек қана өсудің бір көзі емес, сонымен қатар әлемдік экономикаға енудің алғы шарты болып табылады.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында қоғамның дамуының негізгі басымдықтарының бірі ретінде шетелдік инвестициялардың жогарғы деңгейі мен ішкі жинақтарға негізделген экономикалық өсуді ерекшелейді. Шетелдік капиталды тарту саясаты Қазақстанның дамуының жалпы экономикалық стратегиясынан шығады.

1993–1998 жылдар аралығында Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестиациялардың жалпы ағына 8 млрд долларға жетті, оның ішінде 47% мұнайгаз секторына, 29% қара және тұсті металургияға.

Бұл кезеңде негізгі инвесторлар болып АҚШ, Оңтүстік Корея, Англия, Турция, Қытай есептеледі.

Қазақстанның қолайлы инвестициялық климаты республика экономикасын дамытуға қатысу үшін шетелдік инвестиацияларды тартады, ал бағыттардың бірі болып мұнайгаз өндіруші және тау металургиялық сияқты салаларды қамтитын басымдықты салаларды қамтиды. Республиканың шетелдік инвестиацияларды тарту сферасындағы саясатына сенім білдірген компаниялардың ішінде келесідей ірі және әлемге танылған компаниялар бар: Шеврон, Мобил, Амоко, Тексако, Аджип, Бритиш газ, Эльф Акітен, Бритиш Петролиум, Статойл, сонымен қатар Солтүстік Американың, Еуропа мен Азияның, Ресейдің қоپтеген компаниялары бар. Егер де тамақ өнеркәсібі мен қара металургияға үлес салмак 5%-дан күраса, мұнайгаз саласына – 60% күрады (29-сурет).



■ Тамак өнеркәсібі ■ Қара металлургия □ Тұсті металлургия □ Басқа салалар ■ Мұнай газ саласы

29-сурет. 2005 жылы Қазақстан Республикасына тартылған тікелей шетелдік инвестиациялардың салалық құрылымы.

Алғашқы біріккен қәсіпорындар жұмысының нәтижесі қазақстандық инженерлер мен мамандардың батыс технологияларын игергендігін және олардың шетелдік әріптестерден кем түсплейтіндігін көрсетті. Осындағы жемісті ынтымақтастықтың мысалы болып Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінің табиғи байлығын зерттеу мен әзірлеу бойынша «Тенгизшевройл» БК табылады. Мысалы, «Қазақстан-каспийшельфінің» республиканың мұнайгаз кешенін дамытуға жиынтық инвестиациялары 220 млн АҚШ долларын құрады, оның 20 млн.доллары Каспий маңындағы аймактардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға салынған.

1991–2005 жылдар аралығында Қазақстан экономикасына тартылған тікелей инвестиациялар көлемі 13 млрд.тәңгені құрады.

Қазақстан өзінің инвестициялық қызметтінің басынан бастап Халықаралық валюта корымен, Халықаралық Қайта құру және даму банкімен, Еуропалық Қайта құру және даму банкімен, Азия Даму банкімен, Жапонияның Эксимбанкімен және басқалай халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықта. Шеврон, Тексако, Шелл, АджипКСО, ЭкксонМобил сияқты ірі шетелдік компаниялар тарапынан шетелдік салымдар өнеркәсіптің өндіруші салаларына бағытталды. Бұл табиғи шикізатты өндіруді өсіруге және ҚР шетелдік валюта ағынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Мысалы, Royal Dutch Shell Plc ағылшын-голланд концерні

өз қызметінің 15 жылында Қазақстан экономикасының дамуына 3 млрд. доллардан астам қаржат салды. Қазақстандық жобаларға инвестициялардың жыл сайынғы көлемі соңғы жылдары 700 млн. долларға жетті.

1993 жылдан бастап Халықаралық Қайта құру және даму банкі ҚР жалпы сомасы 1924 млн.долларды құрайтын 23 заем берді. 1997 жылдан кейін шетелдік инвестициялардың 66% мемлекеттік басқаруға, энергетикага және қаржыны басқаруга бағытталды. 2008 жылы Әлемдік банк деңсаулық сақтау, ғылым, экология, кедендік әкімшілер, қоршаған органды қорғау облысындағы төрт жобаны жүзеге асыру үшін 173,9 млн. доллар көлемінде заем берді, ал 16 жылдық біріккен жұмысында ҚР жалпы сомасы 2 млрд. доллар болатын 32 заем берді.

Азия Даму банкі ҚР 14 жыл қызметінде қазақстандық банктермен бірге жалпы сомасы 1,7 млрд.доллар болатын 80-ге жуық жобаны қаржыландырыды, ал кіші және орта бизнесті қолдауды іске асыру шеңберінде жалпы сомасы 1,1 млрд.доллар болатын 168500 кіші заемдарды берді, сонымен қатар 70% жеке секторда, 30% мемлекеттік секторда.

Мемлекеттер арасындағы халықаралық ынтымақтастық нысандары болып халықаралық үйымдар мен қорлар табылады. Олар саясат, экономика, әлеуметтік, ғылым, мәдениет салаларында жалпы әлемдік тапсырмаларды шешу үшін біріктіруші рөл атқарады. Олар өз қорларын қатысушылардың ақшалай қаржаттары есебінен құрады. Қатысушы елдердің бірінғай валюта-қаржылық және несие саясаттарын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік мәмілелер негізінде ақшалай қаржаттардың мемлекет аралық мақсатты қорларын құрады.

Қазақстан көптеген халықаралық үйымдар мен мемлекеттік қорлардың қатысушысы болып табылады. Оларды әртүрлі белгілер арқылы жіктеуге болады, олардың ішіндегі алдыңғысы болып кірістерді қалыптастыру және қызмет ету әдісі табылады.

Қорлар мен үйымдардың көлесі типтерін ерекшелеге болады: салымшылардың үlestі қатысуымен жарғылық капитал негізінде қызмет ететін, қатысушыларға несие беретін және мақсатты тағайындалған қорлары құратын қаржы-несие үйимдарының

мемлекетаралық және халықаралық қорлары. Олар пайыздысында алынған кірістерді салымдар бойынша дивидендтерді төлеуге, мақсатты және резервтік қорларды қалыптастыруға бағыттайты.

Осында үйымдарға келесілер жатады:

- Халықаралық есеп айырысу банкі;
- Халықаралық инвестициялық банк;
- Халықаралық даму ассоциациясы;
- Халықаралық қаржы корпорациясы;
- Инвестицияны кепілдендіру бойынша көп тарапты агенттілік;
- Инвестициялық таластарды шешу бойынша халықаралық орталық;
- Экономикалық қауымдастықтың халықаралық банкі;
- Халықаралық Қайта құру және даму банкі;
- Халықаралық валюта қоры;
- Еуропалық Қайта құру және даму банкі.

Халықаралық валюта-қаржы үйимдары әлемдік экономиканың даму облысындағы белгілі тапсырмаларды шешу үшін қатысушы елдердің қаржылық ресурстарын біріктіру жолымен құрылады. Ол тапсырмалар келесідей болуы мүмкін:

- әлемдік экономиканы тұрақтандыру және реттеу, халықаралық сауданы қолдау мен ынталандыру мақсатында халықаралық валюта және көр нарықтарындағы операциялар;
- мемлекетаралық кредиттер – мемлекеттік жобаларды және бюджет тапшылығын қаржыландыруды жүзеге асыруға несиелер;
- бірнеше елдің мұдделерін қамтитын халықаралық жобалар облысындағы инвестициялық қызмет;
- бір елдің мұддесін қамтитын, халықаралық бизнеске (мысалы, инфрақұрылымдық жобалар, ақпараттық технологиялар облысындағы жобалар, көлік және коммуникациялық тораптарды дамыту және т.б.) әсер ететін ішкі жобалар бойынша инвестициялық қызмет;
- қайрымдылық қызметі (халықаралық көмек бағдарламаларын қаржыландыру);
- іргелі ғылыми зерттеулерді қаржыландыру.

Халықаралық валюта-қаржылық үйімдар өз қызметтерін жүзеге асыру үшін қаржылық және инвестициялық талдау мен тәуекелдерді басқарудың озық технологияларының потенциалды инвестициялық жобаларын іргелі зерттеуден жаҳанды корнарықтарындағы операцияларға дейінгі барлық спектрін пайдаланады.

Бұл үйімдар қызметінің тиімділігі қатысушы елдер үкіметтерінің өзара әрекетіне тәуелді болады. Валюта-қаржылық үйімдардың инвестициялық қызметтері ірі халықаралық жобалар бойынша тәуекелдерді басқару мен сақтандыруды жүзеге асыратын, мемлекеттік экспорттық несие агенттіліктерімен тығыз ынтымақтастықта болады.

Қаржы халықаралық банктер мен қорлар қатынасында қызмет етеді, жарғылық капиталды жұмылдырады, тұсім мен пайданы бөледі, өз қорларын қалыптастырады. Жарғылық капиталды қалыптастыру көзі ретінде ұлттық және халықаралық қаржы-несие институттарының қаражаттары, валюталық қорлар мен қатысушы елдердің бюджеттері пайдаланылады.

Белгілі облыста ұлттық үйімдардың қызметін үйлестіретін халықаралық және әлемдік институттарға келесілер жатады:

- Біріккен ұлттар үйімі (БҮҮ) институттарымен;
- Халықаралық уақыт бюросы;
- Атом энергетикасы бойынша халықаралық агенттілік;
- Теңіз спутник байланысының халықаралық үйімі;
- Ғылыми жұмысшылардың әлемдік федерациясы;
- Зандгер-демократтардың халықаралық ассоциациясы;
- Бухгалтерлік есептің халықаралық комитеті;
- Банктик қадағалау бойынша Basel қомитеті;
- Сақтандырушылардың халықаралық одағы;
- Кеден тарифтерін жариялау бойынша халықаралық одак;
- Мемлекеттік қаржылардың халықаралық институты және т.б.

Көрсетілген институттардың әрқайсысы езінің қаржылық ресурстарын елдердің мүшелік жарналарынан қалыптастырады және езінің ерекше миссиясына ие:

Кезеңді түрде откізілетін ғылыми бағдарламалар мен конгресстер және оларды жүргізу бойынша шығындар қатысушы елдер

есебінен қаржыландырылады. Конференцияларда ғалымдар адамзат өмірінде жаҳанды мәнге ие өзекті зерттеулердің нәтижелерін баяндайды.

Білімнің белгілі облыстарындағы халықаралық ғылыми зертханалар, институттар, кешендер, ассоциациялар. Олар мемлекеттерді, ғалымдарды, ғылыми үйімдарды біріктіреді, олардың қызметін үйлестіреді. Олар мүшелік жарна қаражаттары, қайырымдылықтардан, қатысушы елдер бюджеттері есебінен өмір сүреді. Оларға келесілер жатады:

- күшті магнитті аудандар мен төменгі температуралардың халықаралық зертханалары;
- желімдеудің халықаралық институты;
- халықаралық математикалық орталық;
- ғылыми одақтардың халықаралық кеңесі және т.б.
- Қызметтің белгілі түрінде қаражаттарды жинаумен және көмек көрсетумен айналысатын халықаралық үйімдарға келесілер жатады:
- жабайы табигаттың әлемдік қоры;
- «Олимпиадалық ынтымақтастық» қоры.

Көрсетілген қорлар жарналардан, жеке қайырымдылықтардан, баспа қызметінен алынған қаражаттардан қалыптасады. Олар мақсатты шараларды қаржыландырады.

ҚР ҰБ мемлекеттің сыртқы қарызын төлеуге пайдаланылатын алтын-валюта резервтерін қалыптастыру мен жинақтау мөлшеріне жауапты болады. ҚР ҰБ халықаралық резервтері 30.09.2008 жылы тұрақты бағада келесідей болды:

1. Таза халықаралық резервтер, млн.доллар – 21836,0, оның ішінде:
 - еркін айырбасталатын валютадағы таза активтер – 19920,8;
 - алтын – 1915,2.
2. Ақша базасы, млрд.тенге – 1754,9, оның ішінде:
 - тар – 1546,5;
 - екінші деңгейлі банктердің ҚР ҰБ мерзімді депозиттері – 208,2.
3. KZT/USD валюта бағамы – 120,3 теңге/доллар.
4. Бір троя үнцияларына алтын бағасы – 828,5 теңге.

Қазақстан Республикасында ХВҚ нұсқамаларына сәйкес алтын-валюта резервтерінің жеткіліктіліктің белгілі деңгейі критерийі ретінде резервтер көлемінің сыртқы сауда көрсеткіштеріне, оның ішінде импорт көлеміне қатынасын пайдаланады. Импортты қамтамасыз ету жеткіліктілігі 14 апта болуы керек деп есептейді. Елдің алтын-валюта резервтерін басқару КР ҰБ жүргізетін валюталық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады, келесі актілер негізінде жүргізіледі:

27.12.1993 ж. Президенттің «Мемлекеттің резервтерін қалыптастыру және валюталық шығындарды реттеу бойынша кейінге қалдырылмайтын шаралар туралы» жарлығы;

«КР ҰБ алтын-валюта резервтерін қалыптастыру мен пайдалану тәртібі туралы» Ереже.

КР алтын-валюта резервтері құрамында әлем елдерінің алғы валюталары бар, бірақ АҚШ долларының үлесі 85%-ға жуық.

Әлемнің 240 елінде валютаның 161 түрі пайдаланылады. Бұл әлемнің 79 елі, олардың құзіреттілігіне тыс шығарылған төлем құралдарын пайдаланады дегенді білдіреді. Ұлттық валюталар олардың халықаралық мәртебесіне тәуелділікте ерекшеленеді:

Аз дамыған елдердің және құшті мемлекеттік реттеуші елдердің түйік валюталары.


Шекаралас аумақтарда басқаларына айырбастауда пайдаланылатын ішкі валюта.

Елден шетте пайдаланылатын, толығымен айырбасталатын, келісім шарттарды жасауда пайдаланылатын халықаралық валюта, бірақ олардың көлемі шектелген.

Ұлken көлемде пайдаланылатын резервтік валюталар, елдің орталық банктері оларда халықаралық резервтерді сактайды.

Тенге ішкі валютага жатады. 2008 жылғы резервтік валюталарға келесілер жатқызылды: АҚШ доллары, евро, жапондық иена, фунт стерлинг. Негізгі талаптар – капиталдың шекара арқылы еркін қозғалысы және валюталық шектеулердің болмауы. Ұлттық экономиканың көлемі маңызды фактор болып табылады. Жалпы әлемдік өнімнің жоғарғы үлеске ие мемлекеттердің валюталары бәсекелестік артықшылыққа ие (АҚШ жалпы ішкі өнімі жалпы әлемдік өнімнен 20 пайызға артық) қатысуышылар таралынан сенім,

ауыткулырадың болмауы, дамыған валюталық және қорнарықтары. Нью-Йорк пен Лондонның жақсы капиталдандырылған нарықтары АҚШ доллары мен фунт стерлингтің резервтік мәртебесінің іргетасы болып табылады; акциялар нарығының жоғарғы капитализациясы, қолтеген қатысуышылдардың ұзак уақыт бойы пайдаланатын валюта имиджі. Сонымен қатар аймақтық валюталар өздерінің халықаралық мәртебесін ұзак уақыт бойы нығайтады, яғни инерциялық фактор әрекет етеді.



Елдің Төлем балансын реттеу

Төлем балансы – бұл осы елдің резиденттері мен қалған әлемнің арасындағы барлық экономикалық мәмілелердің нәтижелерін жүйелі жазу, белгілі уақыт аралығында шетелден түсетең ақшалай төлемдер мен оның шетелге төлемдерінің арақатынасы. Ол ХВҚ ұсынған нысанда және әдістемеде толықтырылады.

Шетелдік валютадағы шетелдік валюта және бағалы қағаздармен операциялар капиталдың қозғалысымен байланысты ағымды және валюталық операцияларға бөлінеді.

Ағымды операцияларды жүргізу төмендегілермен байланысты:

- тауар мен қызметтер экспортты мен импорты бойынша төлемдерді кейінге қалдырусыз есеп айырысуды жүзеге асыру үшін шетелдік валютадағы аударымдармен, сонымен қатар 90 күннен кем мерзімде экспорт-импорт операцияларын несиелеу бойынша есеп айырысумен;
- 180 күннен кем мерзімге несиелерді алушмен және берумен;
- салымдардың, инвестициялардың, капиталдың қозғалысымен байланысты несиeler бойынша пайыздарды, дивидендерді аударумен;
- саудалық емес сипаттағы, оның ішінде жалақыны, зейнетақыны, алиментті, мұрагерлікті және т.б. қоса аударымдармен.

Капиталдың қозғалысымен байланысты валюталық операциялар деп келесілер түсініледі:

- тікелей инвестициялар, яғни жарғылық капиталға кірісті алу және кәсіпорынды басқару құқығын алу мақсатындағы салымдар;
- қоржынды инвестициялар, яғни бағалы қағаздарды сатып алу;
- мұлікке меншік құқығын төлеуге аударымдар;
- тауарлар мен қызметтердің экспортты мен импортты бойынша 90 күннен артық мерзімге төлемді кейнте қалдыруды беру мен алу;
- 180 күннен артық мерзімге несиелерді беру және алу.

Ол сауда балансынан (тауарлар мен қызметтер) және капитал қозғалысы балансынан тұрады, келесі себептерге байланысты мемлекеттік реттеу объектілерінің бірі болып табылады:

- төлем балансына тапшылықтан көрінетін салмақсыздық тән;
- мемлекеттік реттеудің нысаналы шараларын талап етеді;
- төлем балансын реттеудің мәні экономикалық өсу қарқынын қамтамасыз стүмен, инфляция мен жұмыссыздығы тежеу мен қатар өседі.

Төлем балансын мемлекеттік реттеу – мемлекеттің Төлем балансының негізгі баптарын қалыптастыруға, сонымен қатар теріс сальдоны жабуга бағытталған экономикалық, оның ішінде валюталық, қаржылық, ақша-несиелік шараларының жынтығы.

Төлем балансын реттеуге төмендегілер негіз болады:

- Мемлекеттік меншік, оның ішінде ресми мемлекеттік алтын-валюта резервтері.
- Мемлекеттік бюджет, ұлттық кіріс бөлігі ретінде.
- Капитал экспорттаушысы, кредитор, борышкер ретінде мемлекет.
- Сыртқы экономикалық операцияларды нормативті актілер көмегімен мемлекеттік бақылау.

Төлем балансының тапшылығында мемлекет келесілерді жүзеге асырады:

- экспортты ынталандырады, тауарлар импорттын тежейді, шетелдік капиталды тартады, капиталды шығаруды шектейді;

- тапшылық кезінде Төлем балансын реттеу әдістерінің бірі болып бюджеттік шығындарды шектеу, баға мен жалақыға тыйым салу негізінде ішкі сұранысты қысқартуға бағытталған дефляциялық саясат табылады. Оның құралдарына қаржылық және ақша-несие шаралары жатады, оның ішінде:
- бюджет тапшылығын азайту;
- ҚР ҰБ есеп ставкасын өзгерту (дисконттық саясат);
- несиелік шектеу, ақша массасының өсу шегін белгілеу.

Жұмыссыздықтың, пайдаланылмаған қуаттардың болуындағы мұндай саясат өндіріспен және жұмыспен қамтудың құлауына, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне экеледі, әлеуметтік қақтығыстарға экелуі мүмкін.

- Төлем балансын реттеудің басқа әдісі болып девальвация табылады – ол ұлттық валютаның бағамын экспортты ынталандыру және тауарлар импорттын тежеу мақсатында төмендету. Девальвация бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтердің болуындаған тауарлар экспорттың ынталандырады. Ол импорттың қымбаттатады және импорттың шикізатта құрыллатын отандық тауарлар өндірісі шығындарының өсүіне, елдегі бағаның көтерілуіне және сыртқы нарықта бәсекелестік артықшылықты жогалтуға экеледі. Осылайша, девальвация Төлем балансының тапшылығын жоймайды.
- валюталық шектеу – экспорттаушылардың шетелдік валютадағы түсімдерін шектеу, импорттаушыларға шетелдік валютаны сатуды лицензиялау, валюталық операцияларды өкілетті банктарде шоғырландыру. Осы шаралардың барлығы Төлем балансының тапшылығын капитал экспорттын шектеу және оның ағымын ынталандыру, тауарлардың импорттын тежеу жолымен жоюға бағытталған;
- Төлем балансының тапшылығын азайту үшін қаржы және ақша-несие саясатының шаралары қолданылады. Экспорттаушыларға бюджеттік субсидиялау импорттың баждарды протекциондық көтеру, бағалы қағаздардың шетелдік ұстаушыларына төленетін пайызға салықтың күшін жою және т.б.;

- Реттеудің маңызы обектісі болып Төлем балансының бөлігі – Сауда балансы табылады. Бұл үшін мемлекет келесі шараларды жүзеге асырады:
 - Экспортты салық женілдіктерін беру, валюта бағамын өзгерту жолымен ынталандыру.
 - Экспорттаушыларды тауарларды шығару және сыртқы нарықты игеруге ұзақ мерзімді ынталару үшін мақсатты экспорттық несиelerді беру.
 - Экспорттаушыларды экономикалық және саяси тәуекелдерден сактандыру.
 - Негізгі капиталдың амортизациясының женілдетілген режимін енгізу.
 - Кәсіпорынның белгілі экспорттық бағдарламаларына катысуға келісімі болғанда ынталандырудың басқа нысандарын жүзеге асыру.
 - Осы елдің саяхатшыларына валютаны шығару нормасын шектеу.
 - Шетелдік саяхатшыларды тарту.
- Лицензияларды, патенттерді сатудан түсітін түсімдерді ұлғайту мақсатындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына мемлекеттік шығындарды кеңейту.

Шетелдік жұмысшылардың аударымын қысқарту үшін иммигранттар санын шектеу.

Капитал қозғалысын реттеу отандық компанияларының сыртқы нарықты жауалап алудына, сыртқы инвестициялардың ағынын ынталандыруға, шетелден пайданы еліне қайтаруга бағытталған.

Активті Төлем балансында мемлекеттік реттеу керексіз шектен тыс активті сальдоны жоюға бағытталған. Бұл жағдайда келесі шаралар қолданылады:

- Импортты кеңейту.
- Тауарлар экспорттың тежеу.
- Капитал экспорттың, оның ішінде несиelerді ұлғайту және капиталдар импорттың шектеу.

Көбінесе Төлем балансын екі қарама-қайшы шаралар кешенінің үйлесімділігіне негізделген етемдік реттеу қолданылады, олар:

- рестрикциондық шаралар (несие шектеулері, оның ішінде пайыздық ставкаларды көтеру, ақша массасының өсуін, тауарлар импорттың шектеу);
- тауарлар, қызметтер, капитал қозғалысын, девальвацияны ынталандыру нысанындағы экспансондық шаралар және т.б.

Құбылмаған валютта бағамы жағдайында Төлем балансының тапшылығы валюталық түсімдер сомасының азауына және ұлттық валютаның басқа валюталар қатысындағы бағасының төмендеуіне әкеледі. Бұл сыртқы нарықтағы қазақстандық тауарлардың арзандауына және қазақстандық экспорттың өсуіне әкеледі. Төлем балансының тұрақты активінде шетелдік валютаның ұлғайып отырған ағыны оған деген сұранысты төмендетеді, қазақстандық теңгениң бағамы көтеріледі, сыртқы нарықта қазақстандық экспорт қымбаттайды, ол экспорттың өндірісті күйзелтеді. Экспорттың қысқаруы Төлем балансының тапшылығының пайда болуына әкеледі.

Қазақстанның Төлем балансын тәсестірудегі негізгі рөлді ағымды төлемдер шоты алады. Ағымды төлемдердің оң сальдосы капиталдармен операциялар шоты және қаржылық құралдармен пассивті сальдоны жабуга және валюталық операциялардың либералды режимін ұстауға мүмкіндік береді, ол ішкі валюта нарығын тұрақтандыруға әсер етеді.

Мемлекет тек қана жекелеген баптарды ғана емес, сонымен қатар Төлем балансының сальдосын да реттейді. Дамыған елдер Төлем балансының тапшылығын өтеу үшін қаражаттарды капиталдардың әлемдік нарығында несие түрінде шоғырландырады. Банктік несиeler ең кол жетімді, бірақ қымбат. Шетелдік қайтарымсыз көмекті, сонымен қатар алтын-валюталық ресми резервтерді пайдалану мүмкін.

Активті сальдо (экспорттың импорттан асуы) мемлекетпен сыртқы қарызды өтеу, шетелдік мемлекеттерге кредит беру, алтын-валюта резервтерін ұлғайту, шетелдерде отандық кәсіпорындарды құру мақсатында капиталды шығару үшін пайдаланылады.

Төлем балансын мемлекет аралық бақылау маңызды орынды алады, яғни экспортты мемлекеттік несиелеудің шарты келісіледі, СВОП келісімдері бойынша екі жақты үкіметтік несиelerді, ХВҚ несиelerін жүзеге асырады.

ҚР Төлем балансымен ҚР ҰБ Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті айналысады. ҚР Төлем балансының сальдосы ішкі валюта нарығында ҚР ҰБ операцияларын есепке алмай баланстың ағымды және қаржылық шоттары операцияларының сомалық нәтижесін сипаттайды. Егер де нәтиже оң болса, онда валюталық ресурстарға деген сұраныстан асып кеткен ұсыныс ҚР ҰБ резервтік активтерінің өсуін қамтамасыз етеді. Егер де сұраныс ұсыныстан көп болса, онда ол резервтік активтер есебінен жабылады.

Валюта сұранысы мен ұсынысы арасындағы қалыптасқан тенсіздікті үлттық валютаның айырбас бағамының арақатынасының өзгеруі – оның нығаюы (қымбаттауы); артық ұсыныс жағдайында немесе артық сұраныста оның девальвациясы (арзандауы) нәтижесінде түзету мүмкін. Ағымды операциялар шотының сальдосы ішкі жинактар мен инвестициялар арасындағы алшактықты сипаттайды. Егер де сальдо оң болса, онда ішкі жинактардың жоғарғы деңгейі ішкі экономиканың қажеттіліктерін жауып қана қоймай, сонымен қатар отандық капиталдың шетелдік экспансиясын құруға негізді де құрайды. Осыған сәйкес үлттық валюта да нығайды.

Экономикалық өсуді қолдау үшін талап етілетін деңгейде инвестиацияларды ұстауға ішкі жинактардың жеткіліксіздігін ағымды шоттың теріс сальдосы сипаттайды. Бұл жағдайда тапшылық тартылған шетелдік капитал мен сыртқы қарыздар есебінен жабылады.

Бейрезиденттің тартылған еңбек және қаржы ресурстарынан алған кірістерді төлеу мен резиденттердің өндіріс факторларын шетелде пайдаланудың осындай кірістері арасындағы арақатынас ағымды шоттың маңызды компоненті – кірістер балансының сальдосын сипаттайды.

Қазақстанның Төлем балансы үшін соңғы үш жылда ағымды жылдың тапшылығының корпоративтік және банкілік қарыз нысанындағы шетелдік инвестиациялар түріндегі шетелдік капиталдың көлемді ағымымен үйлесімділікте өсуі тән.

Қазақстанның сыртқы сектор көрсеткіштері 24-кестеде сипатталған.

24-кесте. Қазақстанның сыртқы сектор көрсеткіштері

(млн долл.)

Көрсеткіш	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж. 1 ж/ж
1	2	3	4	5
Ағымды операциялар шотының сальдосы	-1,1	-2,0	-7,3	6,5
ЖІӨ-ге %	-1,8	-2,5	-7,0	11,3
Тауарлар мен кызметтер экспортты	30,5	41,6	51,9	37,5
Тауарлар экспортты	28,3	38,8	48,4	35,4
Кызметтер экспортты	2,2	2,8	3,6	2,0
Тауарлар мен кызметтер импортты	-25,2	-32,9	-44,9	-22,7
Тауарлар импортты	-7,5	-8,8	-11,6	-5,3
Кызметтер импортты	-7,5	-8,8	-11,6	-5,3
Кірістер балансы	-5,7	-9,5	-12,2	-7,9
Қаржылық шот	0,9	16,2	7,3	-3,8
Тікелей шетелдік инвестициялар (нетто-ағын)	2,1	6,7	6,9	2,5
Қазақстанның тікелей инвестиациялар (нетто-ағын)	0,1	0,4	-3,2	-1,3
Қазақстанға тікелей инвестиациялар (нетто-ағын)	2,0	6,3	10,2	3,8
ЖІӨ-ге %	3,5	7,8	9,7	6,6
Коржынды және басқалай инвестиациялар (нетто-ағын)	-1,1	9,6	0,7	-6,2
Төлем балансының жалпы сальдосы	-1,9	11,1	-3,0	3,1
Кезең сонына жалпы сыртқы қарыз	43,4	74	96,7	100,6
ЖІӨ-ге %	76	91,4	92	85
Банктердің сыртқы қарыздары	15,3	33,3	45,9	45,1
Кезең сонына ҚР ҰБ халықаралық резервтері	7,0	19,1	17,6	21,1
Кезең сонына ҚР Ұлттық коры	8,1	14,1	21,1	25,7
Ағымды бағада ЖІӨ	57,1	81,0	104,9	57,7
Мунай мен газконденсаттың экспортты	17,4	23,6	27,1	21,2
Ресми экспорттагы улес, %	62,4	61,7	58,9	60,5
Шикі мунайға әлемдік баға	53,4	64,3	71,1	108,1
Ағымды түсімдер	32,0	43,9	56,3	39,8
Бейрезиденттерден алынған кірістер	0,7	1,4	3,5	1,8
Трансферттік түсімдер	0,8	0,9	0,9	0,6
Ағымды төлемдер	-33,1	-45,9	-63,6	-38,3
Бейрезиденттерге төленген кірістер	-6,4	-10,9	-15,7	-9,7
Трансферттік төлемдер	-1,2	-2,1	-3,1	-0,9
Сауда балансы	10,3	14,7	15,1	18

Ескерту: ҚР ҰБ мәліметтері

Халықаралық операциялардан түсे�тін ағымды түсімдер тауарлар экспорттың кірістерімен толығымен қалыптасады. Қазақстандық экспорттың негізгі баптарына әлемдік бағаның өсуі экспорт құнының жоғарғы көрсеткіштеріне жыл сайын жетуді қамтамасыз етті. Импорттың өсуінің басып озатын қарқыны сауда балансының оң сальdosының өсуін тежейді. Шикі мұнайдың, газ конденсатының, тұсті және қара металлдардың үлес салмағы тауарлы экспорттың 70%-ын құрайды және олардың мұнай бағасына әсері жоғары.

Қазақстанда экономикалық өсу маңызды көлемде сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылады, ол кірістер балансының тапшылығын шарттастырады. Кірістер балансының тапшылығы (2007 жылы – 12,2 млрд.тенге) абсолютті түрде де, салыстырмалы түрде де тез өседі. Егер де 2004 жылы кірістер балансының ЖІӨ-дегі тапшылық үлесі 7%-ды құраса, 2007 жылы 11%-ды құрады.

Шетелдік активтерден түсेतін кірістердің өсу қарқыны бейрекиденттерге тартылған еңбек және инвестициялық ресурстар, реинвестициялар мен дивидендтер бойынша кірістерді төлеу өсімін өтей алмайды. Халықаралық қызмет үшін сонымен қатар тепе-теңсіздік төтән. Халықаралық қызметтердің негізгі тұтынуышылары болып мұнайгаз сфереларының кәсіпорындары табылады.

Ағымды шоттың тапшылығы тікелей шетелдік инвестициялар мен өндіруші салаларға сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылады, олар республикаға сыртқы қарыздардың негізгі түрлері болып табылады.

Соңғы жылдары қаржылық есеп операциялары бойынша ағындарды қалыптастыруға банк секторының сыртқы қарыз серпіні маңызды әсер етті.

Елге сыртқы ресурстардың ағыны ағымды төлемдер бойынша тапшылықты жабу қажеттіліктерінен маңызды асты және Қазақстанның ҰБ активтерінің және жеке сектордың шетелдік активтерінің өсуімен өтмеледі. Төлем балансының қаржылық шот операцияларымен қалыптастырылған шетелдік валютаның артық ұсынысы теңгенің айырбас бағамына маңызды қысым жасады, ол Ұлттық банктің ішкі валюта нарығындағы операциялары есебінен әлсіретілді.

Қаржы ресурстарына жоғарғы ішкі сұраныстың сакталуында әрекеттегі сыртқы қарызды қайта қаржыландыру қажеттілігінен аса жаңа қарыздарды тарту мүмкіншілігінің болмауы шетелдік валютадағы өтімділігінің тапшылығына экелді.

2007 жылы қаржылық шоттың профицитінің қысқаруы мен Төлем балансының теріс сальdosына Ұлттық кордағы мемлекеттік активтердің маңызды өсуі мен шетелге тікелей инвестициялар әсер етті. Соңғысы резиденттердің шетелдік ұйымдарға қатысу үлесін алудың және еншіліс кәсіпорындардың жарғылық капиталын толықтырумен шарттасылған.

Теңге бағамының күрт құбылуының алдын алу үшін ағымды шот тапшылығының өсу және өтімділіктің жетіспеушілігі жағдайында шетелдік валютага деген сұраныс ҚР ҰБ резервтері есебінен қаржыландырылды, нәтижесінде олар 6,0 млрд.тенгеге азайды. 2007 жылдың қорытындысы бойынша Төлем балансының теріс сальdosы, ҚР ҰБ алтын-валюта резервтеріндегі өзгерістерді есепке алмағанда, 3 млрд. теңгени құрады, ал 2006 жылы Төлем балансының оң сальdosы ҚР ҰБ резервтерін 11,1 млрд.тенгеге ұлғайтуға көмектесті.

Бақылау сұрақтары:



1. Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту процесі мен көлеміне мінездеме берініз.
2. Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметін мемлекеттік реттеудің занды негіздерін атаңыздар.
3. Әлемдік қаржы және валюта жүйелеріндегі Халықаралық қаржы корының рөлі қандай?
4. Қазақстанда пайдаланылатын валюта саясатының типтерін атаңыздар.
5. Теңгегі девальвациялаудың позитивті және негативті кезеңдерін атаңыздар.
6. Активті және пассивті Төлем балансындағы валюталық шектеулерге мінездеме берініздер.
7. Кәсіпорынның валюталық қорды құру және пайдалану процесін сипаттанаңыздар.
8. Қазақстан ынтымақтасатын халықаралық қаржы ұйымдарын және олардың Қазақстан экономикасындағы рөлін атаңыздар.
9. Қазақстанның Төлем балансын реттеу тәсілдерін атаңыздар.
10. Қазақстанның Төлем балансын реттеудің тәсілдерін атаңыз.